



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы «14» 10.
Ақтөбе қ.

№364

«14» 10.2022 года
г.Ақтөбе

**«Өсу нүктелері» құзыреттілік
орталығын ашу туралы**

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауын орындау мақсатында және «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №408 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылдың қазан айында Ақтөбе қаласының №33 "Нұрсәт" балабақшасында «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталығы ашылсын.

2. Ақтөбе қаласы білім бөлімінің басшысына (М.Қосымбаева):

1) Ақтөбе қаласының №33 "Нұрсәт" балабақшасында «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталығы ашылуына байланысты жарғылық құжаттарына заңнамаларға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіпте «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталығына бір штат әдіскер және 0,5 штат психолог берілсін;

3) «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталығының материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары үнемі түрде ұйымдастырылсын;

3. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы (директордың м.а. Ж.Скакова), аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларына:

1) Облыстың мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру мен тәрбие жұмысының сапасын, мектепке дейінгі педагогтердің оқу-тәрбие ісі бойынша кәсіби деңгейін арттыру мақсатында «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталығы қызметі тиімді қолданылсын.

2) «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталығында тиімді, озық әдіс-тәсілдер бойынша өзара тәжірибе алмасу, іскер қарым-қатынас орнату мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы көшбасшы басқарушылар корпусы құрылсын.

3) «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталығы мен білім беру сапасының көрсеткіштері төмен мектепке дейінгі ұйымдардың арасында байланыс орнату жұмыстары ұйымдастырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасарлары Ж.Ақбергеновке және Н.Бертлеуоваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Ж. Батырхан